



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

2022 жылғы желтоқсан

2022 жылғы желтоқсанда жылдық инфляция 20,3%-ды (қарашада – 19,6%) құрады. Азық-түлік тауарларының бағасы бір жылда 25,3%-ға (қарашада – 24,1%), азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасы – 19,4%-ға (қарашада – 18,6%), ақылы көрсетілетін қызметтер бағасы 14,1% деңгейінде бұрынғы мәнін сақтады.

Өңірлер бойынша жылдық инфляция 19 өңірде жеделдеді, ал 1 өңірде (Алматы облысы) баяулады. Жылдық инфляция 7 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары болды. Жылдық инфляцияның ең көп мәні Маңғыстау облысында (24,0%), Астана қаласында (23,0%) және Ақмола облысында (21,1%) тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2021 желтоқсан – 2022 желтоқсан), %-бен

Маңғыстау	9,2		24,0
Астана қ.	8,8		23,0
Ақмола	8,9		21,1
Ұлытау			20,8
Қарағанды	8,5		20,7
Солтүстік Қазақстан	8,4		20,6
Түркістан	8,3		20,5
Қазақстан Республикасы	8,4		20,3
Батыс Қазақстан	8,5		20,2
Қостанай	8,3		20,2
Абай			20,1
Алматы қ.	8,2		20,1
Павлодар	8,3		20,1
Шығыс Қазақстан	9,1		20,0
Жетісу			19,9
Қызылорда	8,2		19,9
Ақтөбе	8,7		19,8
Жамбыл	8,1		19,8
Атырау	8,3		19,7
Шымкент қ.	8,2		19,7
Алматы	8,2		17,7

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда **азық-түлік** тауарлары ел бойынша тіркелген деңгейден жоғары (25,3% ж/ж) Маңғыстау (31,6%), Түркістан (27,5%), Ақтөбе және Жамбыл облыстарында (26,0%-дан), Шымкент қаласында (25,9%), Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарында (25,7%-дан) Павлодар (25,6%), Қарағанды және Қостанай облыстарында (25,4%-дан) қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы ел бойынша бағадан (19,4% ж/ж) жоғары Астана қаласында (30,5%), Шығыс Қазақстан (20,5%), Түркістан (19,8%) және Солтүстік Қазақстан облыстарында (19,6%) өсті.

Ақылы көрсетілетін қызмет бағасы елде 14,1% ж/ж деңгейінде өзгеріссіз қалды, бұл ретте жалпы республикалық деңгейден баға Маңғыстау (17,8%), Ұлытау (17,3%), Қарағанды (16,4%) облыстарында, Алматы қаласында (16,2%), Ақмола (16,1%), Батыс Қазақстан (15,1%), Абай (14,4%), сондай-ақ Солтүстік Қазақстан және Жетісу облыстарында (14,2%-дан) жоғары қалыптасты.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрауыштары, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлік емес инфляция	Ақылы қызметтер инфляциясы
Қазақстан Республикасы	25,3	19,4	14,1
Ақмола	25,7	19,3	16,1
Ақтөбе	26,0	18,9	11,7
Алматы	23,6	15,3	11,8
Атырау	24,9	19,4	12,7
Батыс Қазақстан	25,1	18,6	15,1
Жамбыл	26,0	18,2	12,5
Қарағанды	25,4	18,5	16,4
Қостанай	25,4	19,2	13,7
Қызылорда	25,3	18,9	13,1
Маңғыстау	31,6	19,3	17,8
Павлодар	25,6	18,7	13,5
Солтүстік Қазақстан	25,7	19,6	14,2
Түркістан	27,5	19,8	11,4
Шығыс Қазақстан	24,0	20,5	13,8
Астана қ.	24,8	30,5	12,7
Алматы қ.	24,2	18,2	16,2
Шымкент қ.	25,9	18,2	12,4
Абай	24,8	19,3	14,4
Жетісу	24,7	18,7	14,2
Ұлытау	25,0	18,7	17,3

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

2022 жылғы желтоқсанда елде айлық инфляция **1,2%-ды** құрады, бұл соңғы 5 жылдағы (2017-2021 жылдары: 0,7%) желтоқсандағы инфляцияның орташа мәнінен біршама жоғары. Алматы облысын қоспағанда, барлық өңірлерде 2022 жылғы желтоқсанда баға орташа тарихи нормасынан жоғары өсті. Айлық инфляцияның ең көп мәні Жамбыл мен Қостанай облыстарында (1,9%-дан) байқалды.

2-кесте. 2022 жылғы желтоқсандағы айлық инфляцияны 2017-2021 жылдардағы кезеңдегі орташа мәнмен салыстыру, %-бен

Өңірлер	5 жылдағы желтоқсанның орташа мәні	2022 жылғы желтоқсан	Өңірлер	5 жылдағы желтоқсанның орташа мәні	2022 жылғы желтоқсан
Қазақстан Республикасы	0,7	1,2	Қызылорда	0,8	1,2
Жамбыл	0,8	1,9	Шығыс Қазақстан	0,7	1,2
Қостанай	0,8	1,9	Абай	-	1,1
Батыс Қазақстан	0,7	1,8	Ақмола	0,9	1,0
Түркістан	0,5	1,6	Алматы қ.	0,8	1,0
Атырау	0,8	1,5	Алматы	0,9	0,8
Солтүстік Қазақстан	0,8	1,4	Қарағанды	0,7	0,8
Жетісу	-	1,4	Ұлытау	-	0,8
Павлодар	0,6	1,3	Маңғыстау	0,6	0,7
Астана қ.	0,6	1,3	Шымкент қ. ¹	0,6	0,7
Ақтөбе	0,6	1,2			

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

¹ Шымкент қаласы бойынша соңғы 4 жылдағы (2018-2021 жж.) орташа мән